

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің
Қоғамдық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

№ 10

2026 жылғы 4 маусым
сағ. 11.00

Төрағалық еткен: Туризм және спорт мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрағасы Е.Б. Қанағатов

Қатысқандар: Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Қоғамдық кеңестің мүшелері (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес), Туризм және спорт министрлігінің қызметкерлері (тізім бойынша)

Күн тәртібі:

1. Спорт саласындағы ұйымдарда ұжымдық шарттарды енгізу мәселелерін қарау және олардың орындалу барысы туралы
(Қанағатов, Нұрмұханбетов, Бөкенов, Иманқұлова)

1. Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары А.Ш. Нұрмұханбетовтің спорт саласындағы ұйымдарда ұжымдық шарттарды енгізу мәселелерін қарау және олардың орындалу барысы туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Спорт және дене шынықтыру істері комитетіне:

1) Жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің мүшелік жарналары есебінен қалыптастырылатын кәсіподақ қаражаты шеңберінде спорт ардагерлерін көтермелеу мүмкіндігін қарастырсын;

2) 2024-2026 жылдарға арналған Салалық келісім негізінде салалық кәсіподақпен ұжымдық шарттар жасасу қажеттілігі туралы ұсынымдық хат бағынысты ұйымдарға және өңірлік спорт басқармаларына жолдансын.

2. Ойын бизнесі және лотереялар индустриясының проблемалары, перспективалары және дамуы туралы

(Қанағатов, Мұстафаев, Абдрахманов, Тен, Баландин)

1. Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті төрағасының орынбасары Ғ.А. Мұстафаевтың ойын бизнесі және лотереялар индустриясының проблемалары, әлеуеті және дамуы туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Ойын бизнесі мен лотереяны реттеу комитеті спорттық нысандарда жарыстар өткізу кезінде букмекерлік кеңселердің жарнамаларын орналастыру тәртібі туралы жергілікті атқарушы органдарға түсіндірулер дайындап жолдасын.

3. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің қызметіндегі кәсіподақтың рөлі туралы

(Қанағатов, Иманқұлова, Бөкенов)

1. Қоғамдық кеңес мүшесі, «Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы С.К. Иманқұлованың Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің қызметіндегі кәсіподақтың рөлі туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Спорт және дене шынықтыру істері комитетіне:

1) балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін басқару тиімділігін арттыру мақсатында директорларды тағайындау тәртібін қарастырсын;

2) спортшыларды дайындау мен жаттықтыру процесін жүзеге асыратын ведомстволық бағынысты ұйымдарды қауіпсіздік инспекторларымен қамтамасыз ету мүмкіндігін пысықтасын;

3) мүдделі органдармен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен Спорт күнінің мерекелік күнін нақты бір күнге нормативті түрде бекітуді қарастырсын.

**Қоғамдық кеңестің
төрағасы**



Е. Қанағатов

**Қоғамдық кеңестің
хатшысы**



Ж. Бейсембин